

**«№45 бастауыш білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі ата-аналар жиналысы**

Хаттама №1

31.08.2022 ж.

Ескіқорған ауылы

Қатысқан ата-аналар -22

Қатыспағаны-

Мұғалім -8

Тәрбиеші-1

Психолог-1

Тәлімгер-1

Медбике-1

Күн тәртібінде :

Мектеп бойынша жалпы ата-аналар жиналысын өткізу.

1.Оқушылардың 2022-2023 жаңа оқу жылына дайындығы туралы.

/Ж.Утелова/

2.Мектепте оқитын оқушылардың тәртібі мен тазалығы туралы.

/Г.Куанова/

3.Мектепте ата-аналар комитетін сайлау туралы. /Ж.Утелова/

4.Түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі Ж.Утелова сөз сөйледі. Ол оқушылардың формасы жайлы айтып өтті.Оқушылар мектеп формасында болуы керек. Ұл балалар ақ көйлек, қара көк шалбарда болсын, ал қыз балалар ақ кофта қара көк юбкада болсын. Қыз балдардың шашында үнемі ақ бантик болсын деді.әрдайым осы формамен жіберіңіздер деді.

2.Екінші мәселе бойынша мектеп мұғалімі М.Яхеева сөзге шықты. Ол оқушылардың сабаққа қалусыз келуін, үйге берілген тапсырмасын көңіл бөліп қарасыңыздар, сынып жетекшілермен тығыз байланыста болуы жайлы айтып өтті. Тәртібінеде үнемі мән беріп қадағалаңыздар деп ескертіп өтті.

Содан кейін ол ата-аналарға балаларымен тығыз байланыста болып, өзара әңгімелесіп, олардың көңіл-күйіне назар аударып отырулары керек екендігі жайлыда айттып өтті.

Оқушылардың тазалығы жайлы мектеп медбикесі Г.Куанова айтып өтті. Балаларыңыздың тазалығына қараңыздар мектепке барар кезінде киімдерінің жаға жеңіне де назарларыңызды аударып отырсаңыздар болар еді. Әсіресе қыздарыңыздың шашының тазалығына қарап тұрыңыздар.Ұл балдардың шашын қысқартып отырыңыздар, тырнақтарын да үнемі қадағалап алып жіберсеңіздер. Біз де үнемі қадағалап киімдерін кір қылмауларын ескертіп айтып отырамыз. Сонымен қатар әр баланың өзінің жеке баклашкасы болуы керек, қайнаған таза су құйып беріп жіберіңіздер деп сөзін аяқтады.

3. Үшінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі Ж.Утелова сөз сөйледі. Онда мектепте ата-аналар комитетін сайлау керектігі туралы айтып өтті. Ата-аналар өз ұсыныстарын айтты. Сонымен ата-аналар комитетінің төрағасы етіп Б.Укибаев сайланды. Бүгінгі жиналықа қатысқан 24 қатысушылар бір дауыспен сайлады. Қарсы пікр білдіген ата-ана болғаны жоқ.

4. Төртінші мәселе бойынша мектеп тәлімгері Т.Тоғанова сөзге шықты. Ол мектептегі өтілетін мерекелер жайлы айтты. Өздеріңіз білесіздер барлығыңыз бірлесе жұмыс жасаңыздар, мерекелерге қатысыңыздар, балаларыңызға берген жаттауларды, әндерді уактында жаттауына ықпал жасасаңыздар.

Шешім етеді:

1. Оқушылардың біріңғай формамен келуі, тәртібін қадағалау сынып жетекшілерге жүктелсін.
2. Оқушылардың тазалығы, ауыз су, ыстық шай ішетін балалардың тамағына жауап беру міндеті медбике Г.Қуановаға жүктелсін.
3. Ата –аналардың ұсыныстары бойынша мектепте ата-аналар комитетінің төрағасы Б.Укибаев сайлансын.

Төрайым:

Хатшы:



Ж.Утелова

Т.Тоғанова

**№ 45 бастауыш мектебінде хиджаб және мешітке баратын оқушылар (орамал тағатын) мәселесі бойынша өткізілген кезектен тыс
ата-аналар жиналысының
№ 2 хаттамасы**

Өткен мерзімі: 06.09.2022 жыл

Қатысушылар: Мектеп меңгерушісі: Ж.Утелова
Ата-аналар комитетінің төрағасы Б.Укибаев .
Ата-аналар-10
Сынып жетекшілер-5

Күн тәртібінде:

1. хиджаб және мешітке баратын оқушылар мәселесі
2. Кезектегі мәселелер

Тыңдалды:

Ата-аналар комитетінің төрағасы Б.Укибаев күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып сөз кезегін берді.

Мектеп меңгерушісі сөзге шығып, өздеріңізбен өткен өткен оқу жылының мамыр айындағы ата-аналар жиналысында бекітілген «Мектептің ішкі тәртіп ережесі» бойынша әрбір оқушы мектепке мектеп формасында келуі керек дей келе «мектеп формасы» және «Мектептің ішкі тәртіп ережесін бекіту» бойынша шыққан мектеп бұйрығын оқып берді.

Әрбір бала 18 жасқа толғанша оқуына, киіміне, тәрбиесіне ата-аналар жауапты екенін айтты. Мектебімізде өткен оқу жылында хиджаб (орамал тағатын) оқушылар орамалдарын мектепке шешіп келіп жатқанын айта келе олардың ата-аналарына заң талаптарын түсінгеніне рақметін айтты.

М.Рахаева апай сөзге шығып, түнде сағат 22:00 ден кейін оқушылардың көшеде жүруіне болмайтынын, мешітке баруға болмайтынын, сабақтан қалдырмауды айтты.

2021-2022 оқу жылында мектеп оқушылары арасында психологиялық зерделеу жұмысы болғандығын, кемшіліктерді жою жөнінде айтылды. Сол үшін әрбір ата-ана, сынып жетекшілер балалармен жеке сөйлесу, әрекеттерін қадағалау керек. Жеке немесе отбасында отырғанда өмірге деген құштарлығын арттырып, жақсы мысалдар келтіріп, жақсы сөздер айтып, мектепте үйірмелерге қатысуына ықпал ету керектігін айтып сөзін аяқтады.

Ата-ана У.Базарбаева өз сөзінде оқушылар жаңа мектепке келгелі бұрынғыдай хиджабта (орамал тағатын) келетін оқушылар азайғанын және де таққан күнде мектеп ауласынан тыс жерде орамалмен жүретінін айтып өтті.

Шешім:

1. Оқушылардың мектеп формасында келуі (орамал оранбау) талап етілсін.
2. Сыныптарда сынып жиналыстарын өткізіп хиджаб (орамал тағатын) мәселесі бойынша алдын алу жұмыстары үнемі жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Ж.Утелова
Т.Тоғанова

«№45 бастауыш білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі ата-аналарының
кезектен тыс жиналысы
Хаттама №14

Қатысуы тиіс-30
Қатысқаны-25

08.12.2022

Жалпы ата-аналар жиналысы.

Жиналыстың өтетін орны: №3 оқу бөлмесі

Уақыты: 08.12.2022 ж сағат: 12-45

Күн тәртібінде:

1. «Bilimland.kz» ұлттық цифрлық білім беру платформасының тиімділігін, маңыздылығы мен артықшылықтарын түсіндіру туралы.
(Хабарламашы: Ж. Утелова, мектеп меңгерушісінің м.у.а)

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп меңгерушісінің міндеті уақытша атқарушысы Ж. Утелова сөзге шығып, 2022-2023 оқу жылының ІІ тоқсанынан бастап мектебімізде «Bilimland.kz» ұлттық цифрлық білім беру платформасы 100 пайыз тегін қосылып, 37 пән бойынша қазақ және орыс тілдерінде 25 мыңға жуық цифрлық сабақтар, 100 мыңнан астам интерактивті тапсырмалар жинағы, мыңнан аса ғылыми фильмдер және 77 мыңнан аса ҰБТ және қорытынды аттестатауға дайындайтын тест тапсырмаларынан тұратын білім беру ресурстарын оқу процесінде еркін қолдана алатындығын айтып өтті. «Bilimland.kz» ұлттық цифрлық білім беру платформасы оқушылардың тапсырманы орындаудағы қызығушылығын арттырып, үлгерімі төмен деген оқушылардың өзі тапсырмаларды орындап, тиісті деңгейде көтеріліп жатқандығын, ата-аналар тарапынан аталған платформаға оқушылардың 100 пайыз қолы жете бермейтіндігін айтып өтті.

Жарыс сөзге: Мектеп мұғалімі Г. Ергашова шығып, «Bilimland.kz» ұлттық цифрлық білім беру платформасын қолдану барысында оқушылар тек берілген тапсырмаларды орындау мен шектелместен, қосымша тапсырмалар, тестер, ғылыми фильмдер көріп білімін жетілдірудің тиімді жолы екендіктерін және ата-аналар өздері балаларының тапсырмаларды орындау деңгейін бақылап отыратындығын айтып өтті.

Жарыс сөзге: Ата-аналар тарапынан Б. Укибаев шығып, «Bilimland.kz» ұлттық цифрлық білім беру платформасы қызықты электрондық сабақтар балаларға мектепке дайындалуға көмектеседі әрі бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген қызығушылықтарын оятатынын және 2020 жылы елдегі карантиндік шаралар кезінде ұйымдастырылған онлайн сабақтар кезінде оқушылар тиімді қолданғанын айтты. Цифрлық оқыту ресурстарына

шектеусіз әрі тегін қолжетімділік – білім берудің сапасын арттыруға бағытталған жақсы бастама екенін айтып өте тиімді екендігін түсіндірді.

Қаулы етеді:

1. Мектеп мегерушісінің міндетінуақытша атқарушысы Ж.Утелова «Bilimland.kz» ұлттық цифрлық білім беру платформасының тиімділігін түсіндіру мақсатында айтқан сөздері назарға алынсын.
2. «Bilimland.kz» ұлттық цифрлық білім беру платформасының тиімділігін ескеріп 1-4 сынып оқушылары толығымен платформа бойынша жұмыстар жүргізісін.

Жиналыс төрайымы

Хатшы

Ж.Утелова

Т.Тоғанова



«№45 бастауыш білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі ата-аналарының жиналысы
Хаттама №5

Қатысуы тиіс-30
Қатысқаны-24

30.12.2022

Жалпы ата-аналар жиналысы.

Жиналыстың өтетін орны: №1 оқу бөлмесі

Уақыты: 30.12.2022 ж сағат: 12-45

Күн тәртібінде:

1. 2-тоқсан қорытындысы, оқушылардан алынған БЖБ,ТЖБ қорытындысы және сабақ үлгерімі туралы.

(Хабарламашы: Ж.Утелова, мектеп меңгерушісінің м.у.а)

2. Оқушылардың сабаққа қатысуы, тәртібі туралы.

(Хабарламашы: Т.Тоғанова тәлімгер)

3. Оқушылардың тазалығы туралы

(Хабарламашы: Г.Куанова медбике)

4. Түрлі мәселелер

(Хабарламашы: Ж.Утелова, мектеп меңгерушісінің м.у.а)

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісінің міндетін уақытша атқарушысы Ж.Утелова сөзге шығып, ата-аналарды сынып жетекшісі сыныптың оқу үлгерімін таныстырды. Бұл тоқсанда алдыңғы тоқсанға қарағанда әлгерілеу бар. Бірінші тоқсанда сыныптың оқу үлгерімі 47,37% көрсетсе бұл тоқсан бойынша 54% көрсетіп отырмыз. Сыныптарда «5» үздік, «26» оқушы екпінді болды. Бір сабақтан 3-ке шыққан оқушы жоқ. Бұл алдыңғы жылғы көрсеткішпен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Оқушылардың сабағын қадағалау ата-анаға жүктелсін.

Екінші мәселе бойынша мектеп тәлімгері Т.Тоғанова сөзге шығып, оқушылардың сабаққа қатысуы, тәртібі туралы айтты. Оқушылар мектептегі тәртіпті сақтау бойынша өз міндетін атқаратын кезекші мұғалімдерінің, мектеп бойынша кезекшілерінің және мектеп қызметкерлерінің талаптарына бағынуы тиіс (кезекшілік ережесін қарау). Жарақатқа және мүлікті бұзуға әкелетін, сонымен қатар басқаларға демалуға бөгет жасайтын әрекеттер жасауға болмайтыны жайлы айтты.

Үшінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Г.Куанова сөзге шығып, оқушылардың формасының тазалығы, тырнақ, шашының тазалығы жайлы айтты. 3 сынып оқушылары арасында тырнағы өскен, боялған оқушылар анықталғаны жайлы сөз қозғады. Оқушылардың мектепке формамен келуін және таза, ұқыпты жүруіне көңіл бөлуін ата-аналарға ескертті.

Қаулы етеді:

1. Оқушылардың үлгерімін жақсартып сабаққа қатысуын сынып жетекшілер М.Яхеева, М.Үкібай, Г.Санакулова, Г.Рахматов. Д.Санакуловаларға жүктелсін.
2. Оқушылардың тәртібі мен тазалығына және сабақ үлгеріміне қарау ата-аналардан талап етілсін.



Жиналыс төрайымы

Хатшы:

Ж.Утелова

Т.Тоғанова

«№45 бастауыш білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі ата-аналар жиналысы
Хаттама №3

01.11.2022 ж.

Қатысуы тиіс-35
Қатысқаны-20

Күн тәртібінде:

Жалпы ата-аналар жиналысы.

1. 1-тоқсан қорытындысы, 2-4 сынып оқушылардың БЖБ, ТЖБ, алынған жұмысы туралы.
2. Мектептегі оқушылардың тазалығы мен тәртібі жайлы.
3. Аурудың алдын алу туралы.
4. Түрлі мәселе.

1. Бірінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі м.у.а Ж.Утелова сөз сөйледі. Онда ол

1 - тоқсан қорытындысы бақылау жұмысы туралы айтты. Тоқсан қорытындысы бойынша жалпы мектеп сапасы 47,37% ды құрағанын, білім сапасын жоғарылатуға жұмыс жасалуы керегі айтылды. Оқушылардың білім сапасын арттыруға ата-аналардан балаларын үйде жақсылап қарап қадағалауларын сурады. Сабәққа қатысуын қадағалаңыздар, қатыспаған жағдайда үлгерімі нашарлап кететіндігі ескертілді. Ендігі екінші тоқсанда барынша үлгерімдерін жақсарту керек деді. Ата-аналарға мұғалімдермен тығыз байланыста болуы керектігі айтылды.


2. Екінші мәселе бойынша мектеп мұғалімі М.Үкібай сөз сөйледі. Ол оқушылардың үйде де тәртіптерін қадағалап отыруларын ата-аналарына айтты, және тазалығында қадағалап отыруын айтты.

3. Үшінші мәселе бойынша медбике Г.Қуанова сөзге шықты. Ол аурудың алдын алу туралы айтып өтті. Кәзір күн суыта бастады сондықтан ата-аналарға айтарым балаларыңызды жылы киіндіріңіздер және күн суытқаннан бастап тұмау ауыруы жиілей бастайды Егер тұмаудың белгілері біліне бастаса дәрігерге көрсетіңіздер деді.

4. Төртінші мәселе бойынша мектеп мұғалімі Г.Рахматов сөзге шықты. Ол мектеп оқушыларының демалысы жайлы айтып өтті. Демалыс уақытында мүмкіндігі барынша балаларыңызды қадағалаңыздар деді. Жеке өздерін ешқайда жібермеңіздер, қыдыратын болса қасында үлкен адам болсын және ауылымыз Республикалық маңызы бар трассаның бойында орналасқандықтан қауіпсіздік шараларын сақтау керектігі ата-аналарға ескертілді.

Шешім етеді:

1. Оқушылардың үлгерімін жақсартып сабаққа қатысуын сынып жетекшілер М.Яхеева, М.Үкібай, Г.Санакулова, Г.Рахматов. Д.Санакуловаларға жүктелсін.
2. Оқушылардың тәртібі мен тазалығына және сабақ үлгеріміне қарау ата-аналардан талап етілсін.
3. Мектепте түрлі жұқпалы ауруларды алдын-алу жөнінде үнемі түсіндіру жұмысын алып бару мектеп медбикесі Г.Куановаға жүктелсін.

Төрайым:  Ж.Утелова
Хатшы:  Т.Тоғанова

«№45 бастауыш білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі ата-аналар жиналысы

Хаттама №6

17.03.2023 ж.

Қатысқан ата-аналар -24

Қатыспағаны-5

Мұғалім -5

Тәрбиеші-1

Психолог-1

Тәлімгер-1

Медбике-1

Күн тәртібінде :

Жалпы ата-аналар жиналысы

1. 3-тоқсан қорытындысы туралы.
- 2.Оқушылардан алынған БЖБ, ТЖБ жайлы.
- 3.Балалардың тазалығы, тәртібі туралы.
- 4.Түрлі мәселелер.

1.Бірінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі сөз алды.Онда ол 3-тоқсан қорытындысы, туралы айтып өтті.Тоқсан қорытындысы жақсы бірақ арасында нашар баға алған оқушыларда бар.Осы үлгерімі нашар оқушылардың ата-аналары үйде балаларыңыздың сабағына көңіл бөліп қарасаңыздар деді.

2.Екінші мәселе бойынша мектеп мұғалімі Рахматов Г сөз алды.2-4 сынып оқушыларынан алынған БЖБ,ТЖБ-дан кейбір оқушылардың нашар баға алғанын айтып өтті .Сондықтан балалардың сабағын қадағаласаңыздар.Сабақтан балаларды жиі алып қалмауларын айтты.Жиі алып қалған жағдайда сабақ үлгерімі нашарлап кетіні туралы айтып өтті.

3.Үшінші мәселе бойынша мектеп мұғалімі Рахматов Г сөз сөйледі.Ата-аналарға балалардың тәртібі жайлы айтты.Оның ішінде 4 сынып оқушылары Пердебай С, Акбар Д ата-аналарына үйде тәртібін қадалауларын айтып өтті.Оқушылардың тазалығы бойынша мектеп медбикесі Қуанова Г сөз алды.Оқушылардың тазалығына келетін болсақ тазалығы жақсы.Арасында тазалығы нашар оқушыларда бар.Балаларыңыздың шашын қысқартып тырнақтарын алып таза формамен жіберсеңіздер деді.

4.Төртінші мәселе бойынша мектеп мұғалімі Ергашова Г сөзге шықты.Ол мектеп оқушыларының демалсы жайында айтып өтті.Демалыс уақытында сынып жетекшілердің берген қосымша тапсырмаларын орындаып барынша балаларыңызды қадағалаңыздар деді

Қаулы етеді:

- 1.Оқушылардың үлгерімін жақсартып сабаққа қатысуын сынып жетекшілеріне жүктелсін.
- 2.Оқушылардың тәртібі мен тазалығына және сабақ үлгеріміне қарау ата-аналардан талап етілсін.
- 3.Демалыс уақытында балаларды қадағалау жауапкершілігі ата-аналарға тапсырылсын.

Төрайымы

Хатшы:



Ж.Утелова

З.Калтай